

коагулограммы свидетельствовали о наличии гипербилирубинемической коагулопатии. Эта терапия заключалась во внутривенном введении раствора свежезамороженной плазмы в объеме не менее 1 литра, с повторным введением ее на операционном столе и в послеоперационном периоде.

Как видно из таблицы уровень билирубина за первые двое суток еще не нормализуются, тогда как показатели коагулограммы не вызывают опасений. Несмотря на это, мы наблюдали один случай повторного кровотечения в послеоперационном периоде, которое потребовало релaparотомии. Двое больных (с ПХЭС и эхинококком печени) умерли от прогрессирующей печеночной недостаточности.

Наше предварительное сообщение, основанное на небольших наблюдениях, свидетельствует о серьезности данной патологии, требующей целенаправленной и эффективной предоперационной подготовки больных.

Таким образом, механическая желтуха является опасным осложнением калькулезного холецистита, тре-

бующим целенаправленной предоперационной подготовки.

Выводы: калькулезный холецистит, осложненный механической желтухой, сопровождающейся холецистической коагулопатией, требует целенаправленной и эффективной интенсивной терапии.

Литература:

1. Ветшев П.С. Пути улучшения результатов хирургического лечения больных с механической желтухой.... Дисс. канд. мед. наук, - Москва, - 1982.
2. Астапенко В.Г., Козырев М.А., Федорович Е.Н. Проблемы хирургии желчных путей. - Москва, 1982 - с. 131-132.
3. Ветшев П.С. Диагностический подход при обструкционной желтухе // Росс. журн. гепатологии колопроктологии, Москва, 1999. - с. 18-24
4. Гальперин Э.И., Ветшев П.С. Руководство по хирургии желчных путей. - Москва, Видар, 2006, - с. 559
5. Савельев В.С. 80 лекций по хирургии. - Москва, Литтера, 2008, - с. 910.

Тұжырым

МЕХАНИКАЛЫҚ САРҒАЮМЕН АСҚЫНҒАН СОЗЫЛМАЛЫ КАЛЬКУЛЕЗДІ ХОЛЕЦИСТИТТІҢ ИНТЕНСИВТІ ТЕРАПИЯСЫ

Т.Б. Тулеутаев, Н.Р. Рахметов, Б. Бизолдина, Н. Еспаева, К. Цеско, Н. Мустафина

Механикалық сарғаюмен асқынған, холецистиялық коагулопатиямен қосарланатын калькулезді холецистит мақсатты бағытталған және әсерлі қарқынды емдеуді қажет етеді.

Summary

INTENSIVE THERAPY OF CALCULOUS CHOLECYSTITIS COMPLICATED MECHANICAL OBSTRUCTION

T.B. Tuleutayev, N.R. Rakhmetov, B. Bizoldina, N. Espayev, K. Tsesco, N. Mustafin

Calculous cholecystitis complicated mechanical obstruction is accompanied by cholemic coagulopathy. This pathology needs aimed effective intensive therapy.

ӘОЖ 616.153.915-612.017-614.876-616-092.4

Д.Е. Узбекиев, О.З. Ильдербаев, М.Р. Мадиева, С.Е. Узбекиева

Семей қ. Мемлекеттік медицина университеті,
физиологиялық пәндер кафедрасы

ГАММА-СӘУЛЕНІҢ ӘСЕРІНЕН КЕЙІНГІ ЕГЕУҚҰЙРЫҚТАРДЫҢ ИММУНДЫҚ ҚАБІЛЕТТІ АҒЗАЛАРЫНДАҒЫ МАЙЛАРДЫҢ АСҚЫН ТОТЫҒУ ЖАҒДАЙЫ

Тұжырым

Егеуқұйрықтардың иммундық қабілетті ағзаларындағы гамма-сәуленің әсерінен кейін майлардың асқын тотығу өнімдерінің белсенділігі зерттелген. Көкбауырда, ішектің лимфа түйіндерінде және шеткі қан лимфоциттерінде ДК мен МДА артқандығы тіркелді.

Негізгі сөздер: Иммундық қабілет, сәулелік терапия.

Сәуле әсеріне организмнің жоғары сезімталдығына байланысты иондаушы сәулелер әсерінен кейінгі иммундық қабілетті ағзалар мен жасушаларындағы биохимиялық үрдістердің қандай серпіліс беруі маңыздылығын бүгінге дейін жоғалтпайды. Радиобелсенді дозалардың сан алуан қасиеті онкологиялық тәжірибеде сәулелік терапия түрінде көптеген онкологиялық ауруларды емдеу кезінде қолданылады. Радиациялық фонның тым артық жоғары деңгейі қатерлі сырқатқа, тұқымқуалау бүліністері мен соматикалық ауруларға әкелуі еш күмән келтірмейді. Радиациялық әсердің салдарынан иммундық қабілетті ағзаларында алмасу үрдістерінің

құрылымдық өзгеруі және бейадекватты иммундық жауапқа әкелетін функциялық бұзылыстардың жүзеге асуы маңызды. Көптеген клиникалық пен тәжірибелік зерттеулердің көрсетуі бойынша жоғары дозадағы радиация жасушалар мен тіндерді бүлініске ұшыратып, организм өлімінің себебі болып табылады, ал ұзақ уақыт әсер ететін шағын дозаның әсерінен онкологиялық аурулардың дамуы, генетикалық бүліністер мен аутоиммундық үрдістердің бұзылыстары байқалуы ықтимал. Жоғары дозалы радиацияның әсерінен Семей жерінде тұратын біздің ата-бабаларымыздың өсіп келе жатқан ұрпағымыздың организміне қалай әсер ететіні және осы ұрпақтың әр

түрлі жасында қандай өзгерістер байқалатыны өте қызықты да маңызды мәселе болып табылады. Осыған орай, жоғары дозалы гамма-сәуле әсер еткен организмнің өзі және дәл осы организмнің 1-ші ұрпағының ағзаларында пайда болатын биохимиялық өзгерістерді салыстырмалы түрде зерттеп, осы ұрпақтағы организм жауабының патофизиологиялық аспектілерін бағалау маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Жұмыстың мақсаты. Жоғары дозалы (6 Гр) гамма-сәуленің әсеріне ұшыраған егеуқұйрықтардың иммундық қабілетті ағзаларында – ішек лимфа түйіндері, көкбауырдың және шеткі қан лимфоциттерінің майлардың асқын тотығу өнімдерін (МДА - малондық диальдегид және ДК – диендік конъюгаттар) зерттеп, осы зерттелінген егеуқұйрықтардың 1-ші ұрпағындағы алмасу үрдістерімен салыстыру.

Зерттеудің негізгі міндеттері

1. Радиацияға ұшырамаған ақ егеуқұйрықтардың және олардың ұрпағындағы иммундық қабілетті ағзаларында алмасу үрдістерін зерттеп, салыстырмалы сипаттама беру.

2. Жоғары дозалы гамма-сәулесін алған ақ егеуқұйрықтардың иммундық қабілетті ағзаларында алмасу үрдістерін зерттеу.

3. Жоғары дозалы гамма-сәулесін алған ақ егеуқұйрықтар ұрпағының иммундық қабілетті ағзаларында алмасу үрдістерін зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері:

Зерттеуді жүзеге асыру мақсатында 100 ақ егеуқұйрық алынып, олардың 70-ін 6 Гр дозасымен сәулелендіріп, қалған 30-ы интактты ретінде қалдырылған. Майлардың асқын тотығуын ішек лимфа түйіндері, көкбауырдың және шеткі қан лимфоциттерінде сәйкес әдіс бойынша зерттелінген. Сәулелендіру Чехиялық «Терагам» радиотерапиялық қондырғысында жүргізуге жоспарланған. Алынған нәтижелерін интактты және сәулелендірілген жануарлар тобымен салыстыру жүргізілді. Сәулелендірілген егеуқұйрықтардың 100 дана ұрпақтары және олардың 100 дана ұрпақтары зерттелінеді, яғни соңғы 100 дана егеуқұйрықтарын интактілі топ ретінде аланады. Осы эксперименттік егеуқұйрықтардың және олардың интактілі мен зерттелінетін егеуқұйрықтардағы иммундық қабілетті ағзаларындағы алмасу үрдістерін зерттеп, мәліметтерін статистикалық әдіспен өңдеу жүргізілуде.

Зерттеу нәтижелері мен қорытындысы.

6 Гр γ-сәуленің жедел кезі әсерінде ЛАТ өнімдерінің сандық мәліметтері 1-ші кестеде берілген.

1 кесте.

6 Гр γ-сәуленің жедел әсеріндегі липидтердің асқын тотығу өнімдері.

Зерттеу объектісі	Топ	ДК	МДА
Көкбауыр	I	1,28±0,20	0,32±0,03
	II	1,33±0,11	0,41±0,03 *
Ішек лимфа түйіндері	I	0,35±0,03	0,05±0,004
	II	0,66±0,09 *	0,11±0,01 ***
Шеткі қан лимфоциттері	I	0,21±0,03	0,07±0,003
	II	0,33±0,02 *	0,10±0,01 *

Ескерту: 1 I – қалыпты топ.
2 II – 6 Гр γ-сәуленің жедел кезіндегі топ.
3 I топқа сәйкес айырмашылық нақтылығы * - p<0,05, *** - p<0,001.

Сублеталды γ-сәуленің жедел кезінде жануарлардың көкбауырында ДК мөлшері қалыпты топтағы шамадан нақты өзгере түспегені белгілі болды (p>0,05). Ал, зерттеуге алынған қалған жасушаларда ДК мөлшері нақты түрде артқаны мәлім болды. Атап айтқанда, лимфа түйіндерінде қалыптағы көрсеткішпен салыстырғанда ДК мөлшері 88,0% (p<0,05) және қан лимфоциттерінде – 57,0% (p<0,05) артқандығы тіркелді.

Енді бұл дерттік үрдіс кезінде майлардың асқын тотығу өнімінің бірі малон диальдегидіне сараптама берсек, γ-сәуленің әсері кезінде зерттеуге алынған барлық тін жасушаларында және шеткі қан лимфоциттерінде ЛАТ процесінің қарқынының артуы байқалып, нақты жоғарлағаны анықталып отыр. Атап айтқанда, көкбауыр (4.2.2 кесте) жасушаларында қалыпты тобындағы көрсеткішпен салыстырғанда малон диальдегидінің мөлшері 1,28 есеге (p<0,05), ішек лимфа түйіндерінде – 2,20 есеге (p<0,001) және шеткі қан лимфоциттерінде – 1,42 есеге (p<0,05) артқандығы мәлім болоды.

Қорыта келгенде, 6 Гр γ-сәуленің жедел кезі әсерінде зерттеуге алынған көкбауырдың тін жасушаларында, жіңішке ішек лимфатүйіндерінде және қан лимфоциттерінде ДК және МДА концентрациясы артқан. МАТ өнімдерінің радиация белсенділігінің организмге әсері жоғарлаған сайын арта түскені анықталды. Сублеталды 6 Гр γ-сәуленің иммунды жүйенің лимфоидты мүшелерін зақымдап, нәтижесінде экспериментті жануарлардың лимфатүйіндерінде, көкбауырда, шеткі қан лимфоциттерінде липидті гиперпероксидация синдромы дамыған. Алынған нәтижелерді осы зерттелінген егеуқұйрықтар ұрпағындағы майлардың асқын тотығу нәтижелерімен салыстыру мақсатында ұрпақтың иммундық қабілетті ағзаларын зерттеу үрдісі жүзеге асып жатыр.

Әдебиеттер:

1. Абдрахманова Ж.Н., Ермекова С.А. Отдаленные последствия действия радиации на организм человека // Клиницист -1995 -№3. – С. 20-27.
2. Узбекова С.Е. Особенности функционального состояния иммунной системы в отдаленном периоде после различных дозовых нагрузок гамма-облучения. Автореф. дисс. к.м.н. – Семей, 2008, с. 24.
3. Усенова О.А. Особенности обменных процессов животного организма в отдаленном периоде после острой и фракционированной дозы гамма-излучения. Автореф. дисс. к.б.н., – Алматы, 2007, с. 20.
4. Сауров М.М. Оценка вероятности летальных эффектов при действии на население ионизирующих излучений // Мед. радиология и рад. безопасность. – 2002. – Т. 47, №5. – С. 5 – 16.

Резюме
СОСТОЯНИЕ ПЕРЕКИСНОГО ОКИСЛЕНИЯ ЛИПИДОВ В ИММУНОКОМПЕТЕНТНЫХ
ОРГАНАХ У КРЫС ПОДВЕРГНУТЫХ ГАММА-ОБЛУЧЕНИЮ
D.E. Uzbekov, O.Z. Ilderbayev, M.R. Madiyeva, S.E. Uzbekova

Изучалось влияние гамма-облучения на активность продуктов перекисного окисления липидов в иммунокомпетентных органах крыс. Было отмечено, что в селезенке, лимфатических узлах кишечника и лимфоцитах периферической крови наблюдалось повышение активности ДК и МДА.

Summary
STATE OF LIPID PEROXIDATION IN IMMUNOCOMPETENT ORGANS OF RATS EXPOSED TO GAMMA-IRRADIATION
D.Ye. Uzbekov, O.Z. Ilderbayev, M.R. Madiyeva, S.E. Uzbekova

The influence of gamma irradiation on the activity of lipid peroxidation products in immunocompetent organs of rats. It was noted that in the spleen, lymph nodes, intestine and peripheral blood lymphocytes were observed increased activity of DC and MDA.

ӘОЖ:616.97+615.036

М.М. Уразалин, м.ғ.к., профессор,
Ы.О. Кайрханова, Б.К. Рахимжанова, А.К. Оразбаева

Семей қ. Мемлекеттік медицина университеті,
Молекулалық биология және микробиология кафедрасы.

2002-2011 ЖЫЛДАР АРАСЫНДАҒЫ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ЖЫНЫСТЫҚ
ЖОЛМЕН БЕРІЛЕТІН АУРУЛАРДЫҢ (ЖЖБА) АУРУШАҢДЫҚ ДИНАМИКАСЫ

Тұжырым
Бұл мақалада Семей қаласындағы «Тері – венерологиялық диспансердегі» 2002 – 2011 жылдардағы жыныстық жолмен берілетін аурулардың аурушаңдығының ретроспективті талдауы жүргізілді.

Кілттік сөздер: аурушаңдық, мерез, созақ, хламидиоз.

Өзектілігі. ЖЖБА (жыныстық жолмен берілетін аурулар) деп негізгі берілу жолы сақтанбаған жыныстық қатынас болатын жұқпалы аурулар тобын айтады. ЖЖБА-ға мерез, созақ, микоплазмоз, хламидиоз, трихоманоз сияқты аурулар жатады [1]. Бұл аурулардың барлығы ерте заманнан белгілі, және қазіргі күндерде де бұл аурулар өте жиі кездеседі. Қазіргі уақытта жыныстық жолмен берілетін ауруларға (ЖЖБА) бактериялардың, вирустардың, саңырауқұлақтардың, қарапайымдылардың 30 астам түрлері жатады.

Сонымен қатар қазір ЖЖБА бойынша қолайсыз эпидемиологиялық жағдай қалыптасуда, ол созылмалы ағыммен, асқынулардың кең спектрімен және әйелдер мен ер адамдардың репродуктивті қызметінің бұзылу мүмкіндігімен сипатталады [2,3]. Жыныстық жолмен берілетін аурулармен ауыратын науқастардың

санының артуы кейбір зерттеушілердің айтуы бойынша қоғамдағы нашарәлеуметтік – экономикалық және саяси өзгерістермен (жұмыссыздық, кедейшілік, миграция және т.б.), және тұрғындардың жыныстық мінез-құлқының өзгеруімен байланысты (жыныстық өмірінің белсенділігі және моральды жыныстық еркіндік) [4,5].

ДДСҰ мәліметтері бойынша жыл сайын дүниежүзінде созақтың 250 миллионға дейінгі жағдайы және хламидиоздың 89 миллион жағдайы тіркеледі.

Жұмыстың мақсаты - Семей қаласындағы ЖЖБА аурушаңдық жиілігін зерттеу негізінде азайғандығын немесе көбейгендігін анықтау.

Семей қаласы бойынша ЖЖБА көбінің азаюына қарамастан эпидемиологиялық жағдай барлық зерттеу кезеңінде қарқынды болып қала берді.

Кесте 1.

Семей қаласындағы «Тері – венерологиялық диспансердің» 2002 – 2011 жылдардағы аурушаңдығының абсолюттік саны.

Ауру	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011
Мерез	509	357	403	236	242	205	175	154	109	85
Созақ	446	322	304	266	228	267	216	203	165	156
Хламидиоз	40	56	153	256	217	164	120	181	272	261

2002 – 2011 жылдар аралығында ЖЖБА аурушаңдық құрылымында маңызды өзгерістер болды: ЖЖБА ішінде жиі 2002 жылдары мерез және созақ көп тіркелді (кесте 1). 2011 жылы хламидиозбен аурушаңдықтың тіркелуі жоғарлап, мерезбен аурушаңдық деңгейі біршама төмендеді. Сонымен ЖЖБА ішінде ең кең таралғаны хламидиоз, екінші

орында созақ, ал үшінші орында – мерез болды. 2011 жылы мерезбен аурушаңдық 2002 жылмен салыстырғанда 6 есеге дейін төмендеді, 2010 жылмен салыстырғанда 1,2 есе төмендеді, созақпен аурушаңдық – сәйкесінше 2,8 және 1 есе төмендеді. Ал хламидиозбен аурушаңдық деңгейі 2011 жылы 2002 жылмен салыстырғанда 6,5 есе артқан.